

Қазақстан Республикасының Әдебиет, Журналистика, Музыка, Сурет және Сәулет қорлары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 8 қазан N 843. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.04.03. N 468 қаулысымен. ~P970468

Нарықтық қатынастар жағдайында республиканың шығармашылық одақтарының материалдық базасын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының тиісті шығармашылық одақтары жанынан Әдебиет, Журналистика, Музыка, Сурет және Сәулет қорлары құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әдебиет қорының қаражаты:

а) меншік нысандарына қарамастан мемлекеттік, қоғамдық, кооперативтік және басқа ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар, көркем әдебиет баспалары мен журналдардың редакциялары түпнұсқа және аударма көркем-әдеби шығармалар үшін төлеген авторлық қаламақы сомасының 10 процентіне тең мөлшерде аударатын жарнасынан;

б) ойын-сауық кәсіпорындары музыкасыз да, музыканың сүйемелдеуімен де спектакльдер мен әдеби концерттер қойғаны үшін (оның ішінде мемлекет меншігі деп жарияланған түгелдей әдеби шығармалардан тұратындары) алынған жалпы түсім сомасының немесе спектакль не концерт үшін шарт бойынша алынған соманың 2 проценті мөлшерінде аударатын алымынан;

в) авторлық хұқық арқылы қорғалмайтын шығармаларды шығарғаны үшін ең төменгі ставка бойынша есептелген қаламақы сомасының 10 процентіне тең мөлшердегі аударым сомасы құралатын болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Журналистика қорының қаражаты:

а) мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, газеттер мен журналдардың редакциялары, баспалар, Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі, теледидар мен радиохабар органдары төлеген авторлық қаламақының (Әдебиет, Музыка және Сурет қорларына аударылым жасалатын қаламақыдан басқалары) 6 проценті мөлшеріндегі аударым сомасынан;

б) республикалық, облыстық, қалалық, аудандық, ведомстволық, салалық және біріккен газеттердің редакциялары, Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі пайдаланатын және тапсырыс беретін барлық шығармалар мен материалдар үшін

жасалатын аударым сомасынан;

в) қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік және салалық журналдардың редакциялары, телерадиохабар компаниясы пайдаланатын немесе тапсырыс беретін публицистикалық, ғылыми-көпшілік, қоғамдық-саяси, хабарламалық және безендірілген шығармалар мен материалдар үшін жасалатын аударым сомасынан;

г) кітап және кітап-журнал баспалары шығаратын немесе тапсырыс беретін қоғамдық-саяси, публицистикалық, хабарламалық және ғылыми-көпшілік шығармалар мен материалдар үшін жасалатын аударым сомасынан құралатын болып белгіленсін.

Аталған аударым сомалары газеттер мен журналдар редакцияларының, баспалардың, телеграф-ақпарат агенттіктерінің және теледидар мен радиохабар органдарының жоспарларында (сметаларында) көзделген шығындардың жалпы сомасы шегінде жасалады.

4. Қазақстан Республикасы Музыка қорының қаражаты:

а) мемлекеттік, қоғамдық және кооперативтік кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, баспалар музикалық шығармалар мен музыкатану еңбектерін шығарғаны үшін шарт бойынша төленетін авторлық қаламақы сомасының 10 проценті мөлшерінде аударым сомасынан;

б) ойын-сауық кәсіпорындары музикалық спектакльдер мен эстрадалық концерттерден түскен жалпы түсімнен 2 процент мөлшеріндегі аударым сомасынан;

в) концерттерде авторлық хұқықпен қорғалмайтын шығармаларды орындағаны үшін алынатын аударым сомаларынан құралатын болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Сурет қорының қаражаты:

а) барлық мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар суретшілерге (сұнғатшыларға, кескіндемешілерге, көркемдеушілерге және өнеркәсіп суретшілеріне, зергерлерге, граверлерге, декораторларға, бутафорларға) өз мамандығы бойынша орындаған жұмыстары үшін төленген сыйақыға 2 процент мөлшерінде қосылатын сомадан құралатын болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасы Сәулет қорының қаражаты:

а) меншік нысандарына қарамастан барлық жобалау және басқа ұйымдар мен кәсіпорындарда сәулет-құрылым жобалауының барлық түрлерімен шүғылданатын сәулеткерлердің жалақысына қосылған 7 процент мөлшеріндегі сомадан құралатын болып белгіленсін.

Аталған аударым сомалары сәулет-жобалау жұмыстарына арналған сметаларда жеке баппен көрсетілген жобалау жұмыстарының өзіндік құнына

жатқызылуға тиіс.

7. Жоғарыда аталған қорлардың қаражаты сондай-ақ:

- тиісті шығармашылық одақтарының Жарғысы бойынша анықталатын осы одақ мүшелерінің арнаулы жарналарынан;

- одақтарға тиесілі мүлік пен қаражаттан түскен кірістерден құралады.

8. Республиканың Музыка, Әдебиет, Сурет және Журналистика қорларына аударымдарды Қазақстан Республикасының Музыка, Журналистика, Әдебиет, Сурет және Сәулет қорларына аударым жасау тәртібі жөніндегі Нұсқамаға сәйкес Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі жасайды.

9. Музыка, Журналистика, Әдебиет, Сурет және Сәулет қорлары бір ай мерзімде Жарғы (Ереже) әзірлесін және оны белгіленген тәртіп бойынша бекітсін.

10. Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі Қаржы министрлігімен және тиісті шығармашылық одақтармен келісе отырып бір ай мерзімде аталған қорларға аударымдар жасау тәртібі туралы Нұсқаманы әзірлеп бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК